

Жол ережесі ұйымдастырылған вариативтік компоненттің переспективалық жоспары

№	Тақырыбы	Бағдарлама мазмұны	Сағат саны	күні
1	Біз жолаушымыз	Көлік пен жолаушының байланысы туралы түсінік беру. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып,. қоғамдық жерлерде, балабақшада, траснпортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.	1	6.09.2024ж
2	Бағдаршам және біз	Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру.	1	13.09.2024ж
3	Жол тәртібін жадында ұста	Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін түсіндіру. Жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру	1	20.09.2024ж
4	Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар.	Жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.Көшеде жолда жүру ережелерін сақтау іскерлігін жетілдіру. Қоғамдықкөліктегі мінез-құлық ережесі туралы әңгіме жүргізу.	1	27.09.2024ж
5	Көшемен танысамыз	Көше, жол, жол жиегі, жаяу жүргіншілер жолы туралы түсінік беру. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1	4.10.2024ж
6	Көліктер.	Көліктің шығу тарихымен таныстыру,балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру.	1	11.10.2024ж
7	Жол, көлік және жаяу жүргінші.	Жол, көлік және жаяу жүргінші туралы білімдерін бекіту. Олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту.	1	18.10.2024ж
8	Мен жаяу жүргінші әрі жолаушымын.	Велосипед, самокат, ролик тебу кезінде жолда жүру ережесін сақтау туралы білімін жетілдіру.	1	8.11.2024ж
9	Көшеде және жолда.	Көшеде, жолда өзін ұстаудың қарапайым ережелері және тыйым салушы белгілер туралы білімін бекіту.	1	15.11.2024ж
10	Жол белгілерінің қызметі, пайдасы	Жаяу жүргіншілер мен жүргізушіге арналған ережелер туралы түсінік беру. Жол белгілерінің қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1	22.11.2024ж
11	Бірнеше көлікке арналған жол.	Жолдардың әр түрлі болатындығы (тар, кең, қарама-қарсы бірнеше көлікке арналған жол)	1	29.11.2024ж

		туралы білім беру.		
12	Қала көліктері.	Көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру.	1	6.12.2024ж
13	Жолда жүру әліппесі.	Бағыт беруші, сілтеуші белгілер туралы білімін жетілдіруді жалғастыру.	1	13.12.2024ж
14	Жол белгілері біздің досымыз.	Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын, телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру.	1	20.12.2024ж
15	Тыйым салушы белгілер.	Тыйым салушы «Жүруге болмайды» «Қауіпті жер» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажратып атай білуге үйрету.	1	27.12.2027ж
16	Тыйым салушы белгілер.	Тыйым салушы «Солға бұрылуға болмайды», «Бұрылуға болмайды», «Токтауға болмайды» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажыратып, атай білу.	1	10.01.2025ж
17	Жол реттеуші.	Жол реттеушінің қызметі туралы білім беру. Жол реттеушінің сигналы туралы әңгімелесу.	1	17.01.2025ж
18	Жүргізуші сақ бол!	Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.	1	24.01.2025ж
19	Жүргізуші сақ бол!	Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.	1	31.01.2025ж
20	Жол қиылысындағы белгі.	Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуші белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру	1	07.02.2025ж
21	Бағыт беруші	Қала және ауыл көшелерінде қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Көшеде көліктер қозғалысын реттеуші туралы түсініктерін нақтылау. Жол белгілері туралы білімдерін бекіту	1	21.02.2025ж
22	Жол белгілері	Сілтеуші және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне қарап және жол бойында тұрған белгілерді танып айтып беру дағдыларын жетілдіру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1	28.02.2025ж
23	Қонаққа барамыз.	Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін және қонақта болу тәртібін сақтауға үйретуді жалғастыру.	1	7.03.2025ж

24	Жол белгілері әлемінде	Жол белгілері туралы алған білімдерін пысықтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру.	1	14.03.2025ж
25	Жол көмекшілері	Жол көмекшісі бағдаршам туралы білімдерін кеңейті. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1	4.04.2025ж
26	Көлік ішінде	Көлікте әр адамның ешкімге кедергі жасамай, тәртіп сақтауы тиіс екендігін түсіндіру. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.04.2025ж
27	Көліктің адам өміріндегі пайдасы	Көлік түрлерінің адам өміріндегі пайдасы туралы түсінік беру. Уақыттың ұтымдылығы туралы айту. . Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	18.04.2025ж
28	Аялдамада	Аялдама және жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігі туралы түсінік беру. Аялдама туралы мағлұмат беру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1	25.04.2025ж
29	Жолда ойнама	Көшеде ойнауға болмайтындығын түсіндіру. Сақтыққа тәрбиелеу.	1	2.05.2025ж
30	Қауіпсіз жол	Сурет қарау арқылы бала өміріне қауіпсіз жолмен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	16.05.2025ж
31	Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....	Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1	23.05.2025ж
32	Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....	Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.	1	31.05.2025ж

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 06.09.2024ж

Тақырыбы: Біз жолаушымыз

Мақсаты: Автобус пен трамвайды танып ажырата білуді бекіту. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып, қоғамдық жерлерде, балабақшада, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: жолаушы-пешеход

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Сапар шексек сіз бен біз Сан көлікке мінеміз Троллейбус трамвай Автобуспен жүреміз Көлік, көлік, көлік Көліктерге мінеміз Көшелермен, көшелермен Күнде тынбай жүреміз Жол жүрудегі тәртібін Ережесін білеміз Сақтағанда қатерден Сау саламат жүреміз	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыру кезеңі	Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік 1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт 2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара 3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт 4. Егер, жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге тиісті. 5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. 6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме. 7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.	Балалардың жауаптары
Ұйымдастырушылық-қ-ізденістік	-Жолаушы деген кімдер? Жолда кез келген көлікті пайдаланатын адамдар "Автобус" режиссёрлік ойын Ойын шарты: Балалардың бірі жүргізуші, бірі- кондуктор, қалған балалар-жолаушылар болады. Жүргізуші автобусты жүргізеді, кондуктор аялдаманы хабарлап, билет сатады. Балалар өз аялдамаларынан шығып отырады.	Балалардың жауаптары Балалар өз ойларын айтады. Балалар ойынға қызығушылық танытады.
Рефлексиялық-түзету	Қорытындылау -Көпшілік мінетін көлікте өзінді қалай ұстау керек? -Үлкен кісі автобуска мінгенде не істеу керек? -Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, тәртібін бұзбайды.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже: Көлікте өзін ұстай біледі. Үлкендерге орын береді. Жол тәртібін бұзбайды.

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 13.09.2024ж

Тақырыбы: Бағдаршам және біз

Мақсаты: Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: бағдаршамның суреті,

Билингвальды компонент:бағдаршам-сфетафор

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<i>Жұмбақ жасыру</i> Көзін ашып жұмады. Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам) Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (Автоинспекция қызметкері) Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім.(Жол	Бағдаршам Автоинспекция қызметкері Жол
Ұйымдастыру кезеңі	<i>Кіріспе әңгіме</i> -Бағдаршам деген не? -Ол қайда болады? Бағдаршамның қызметі қандай? -Бағдаршам—жарықпен белгі беру арқылы көшедегі, автомобиль жолы мен темір жолдағы қозғалысты реттеуге арналған құрылғы. Қызыл – Токта ! Сары – Сақтан ! Жасыл – Жол ашық! дегенді білдіреді. Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар өз ойларын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	– Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз ? Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде , оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса , өтіп кеткенше , сол орында күте тұрамыз. <i>Ойын: Қызыл, сары, жасыл</i> Мен бағдаршамның үш түрлі көзін көрсетемін . Қызыл жанса – тыныш тұрамыз Сары жанса – оң аяғымызды көтеріміз Жасыл жанса – топ, топ басып жүреміз	Көлік жлқ болған кезде өту керек. Үлкендердің көмегімен өту керек. Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексиялық-түзету	Қызыл көзін ашқанда , Сынық сүйем баспа алға ! Сары көзін ашқанда , Қарап қалма аспанға ! Жасыл көзін ашқанда , Өте бергін , жасқанба !	Балалар өлең жолдарын айтады.

Күтілетін нәтиже: Көшеде дұрыс жүріп жол ережесін сақтай біледі. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 20.09.2024ж

Тақырыбы: Жол тәртібін жадында ұста

Мақсаты: Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін түсіндіру. Жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру. Балаларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, бағдаршам макеті, ойыншықтар

Билингвальды компонент: бағдаршам-светофор, жол-дорога

Алдын ала жүргізілетін жұмыс:

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүр» дейді, Бір көзім «абайла» дейді - Қала үлкен, адамдар да, көлік те көп. Жүрісті реттеп тұратын не? - Көше тәртібін реттеуші кім?	Бағдаршам Бағдаршам Сақшы
Ұйымдастыру кезеңі	Кіріспе әңгіме. Жол дегеніміз - көлік түрлері мен жүргіншілер қозғалатын аумақ. Оған көшелер, елді мекендер, қала, ауыл, бұрылыстар, және де тыс жерлер. Көлікке және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар бар. -Жол тәртібін білесіңдер ме? -Жолдың шетін неге биіктеп қойған? Жол жиегі тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны «бордюр»деп атайды. Жол жиегінің үстімен ойнауға болмайды. «Тротуар» сөзі француз тілінен аударғанда «жаяу жүргіншіге арналған жол» деген мағынаны	Жолдан тек жаяу адамдарға арналған «ақ жолақ» арқылы өту қажет. Машиналардың артына жабысу өте қауіпті. Бағдаршамның жасыл көзі жанғанда ған өту қажет. Машина жолында ойнауға болмайды. Бұл жол жиегі.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Аялдамада тұрған көлікті яғни машина, автобусты қалай айналып өту керек? Аялдамада тұрған автомобиль, автобус немесе троллейбусті тек сырт жағынан айналып өту керек. Сонда біз оның соңында келе жатқан машинаны дер кезінде көреміз. -Балалар, көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек? Көшеде жүру тәртібін орындамау көліктің жүріп-тұруына кедергі келтіреді.Мысалы: Жолаушылар жұмысқа, сабаққа, дәрігерге баруға кешігуі, фабрика, зауыттарға, дүкенге, жүк мезгілінде апарылмауы, вокзалдарға басқа қалаларға дер кезінде жете алмауы мүмкін. -Жаяу адам қай жермен жүруге болмайды?	Балалардың жауаптары Әркім көшеде жүру тәртібін өте жақсы білу керек.Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды. Балалар өз ойларын айтады. Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.
Рефлексиялық-түзету	Қорытындылау. -Балалар, жолда жүру ережесін әрқашан есте сақтап, бұлжытпай орындап, сақ жүріңдер. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі заңды тәртіп - Ол ортақ	Балалардың жауаптары Балалар өлең жолдарын айтады

Күтілетін нәтиже: Көшеде жүру тәртібін біледі. Жолда сақ жүред
Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні,айы,жылы: 27.09.2024ж

Тақырыбы: Жаяу жүргіншілер мен жолаушылар.

Мақсаты: жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білім беру.Көшеде жолда жүру ережелерін сақтау іскерлігін жетілдіру.Қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережесі туралы әңгіме жүргізу.

Көрнекіліктер:өрттің суреттері.

Билингвальды компонент:

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: суреттерді қарау және талдау.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды қарсы алады,орындарына жайғастырады.Шаттық шеңбері.	Балалар шаттық шеңбер жасайды.
Ұйымдастыру-Іздестіру	Жол ережесі туралы, қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережесі, аулада,көшеде өзін мәдениетті ұстау туралы әңгіме өткізеді. жұмбақ жасырады: Үлкен жолдың жанында, Кіші жол бар тағы да. Ешбір көлік бұл жермен Ешқашан да жүрмеген. Мұны бәрі біледі. Білмегенге күледі. Көлік біткен тек қана, Үлкен жолмен жүреді. Айтқанымды түсінші, Барлық жая жүргінші Болу үшін қауіпсіз. Осы жолмен жүреді. (Жаяу жол) Ойын-сабақ: «Буратиноның басынан кешкендері туралы».Ертегі кейіпкерлерінің тәжірибесі бойынша көшедегі жол жүру ережесін пысықтау,қауіпті жағдайлардан сақтана білуді үйрету. Өлең оқиды: Мынада бір белгі бар, Оның аты(балалар) Сергіту сәтін өткізеді.	Әңгімеге қатысады. Жұмбақ шешімін табады. Балалар тізбек бойынша ертегі сюжетін құрастырады. Тыңдайды, естеріне сақтайды. Сергіту жаттығуын жасайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Балаларды шеңберге тұрғызып, алған әсерлерімен бөлісуді ұсынады.	Шеңберге тұрып,әсерлерімен бөліседі

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жол қауіпсіздігі ережесі мен өзін жолда ұстау ережесін

Игереді: жая жүргіншілер мен жолаушылардың қозғалыс ережесін

Меңгереді: жолдың белгіленген жерінен өтуді;жол ережесін сақтауды;қоғамдық

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 4.10.2024ж

Тақырыбы: Көшемен танысамыз

Мақсаты: Көше, жол, жол жиегі, жаяу жүргіншілер жолы туралы түсінік беру. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: көше-улица

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық- ізденістік	Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды. Суретпен жұмыс Жаяу жүргіншілер қай жермен жүру керек? Жолдың қай жағымен жүргені дұрыс Дұрыс айтасындар, жолдың оң жағымен жүрсеңдер басқа жүргіншілерге кедергі жасамайсындар. Жүргіншілер көшенің қай жерінен қиып өте алады? Сергіту сәті «Машина: бип!, бип! - дейді, Жолдан былай кет!- дейді» Күшікті басуға, Болмайды машина.	Мұқият тыңдайды. Жаяу жүргіншілерге арналған жолмен. Жолдың оң жағымен. Жаяу жүргіншілер өтетін жол. Қимылдар жасайды
Рефлексиялық- түзету	Қорытындылау. -Балалар біз не білдік? - Балалар көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек? - Жиекжол деген не? - Жаяуға қай жермен жүруге болмайды? - Көшеде жүру тәртібін кім басқарады? - Бағдаршам туралы не білесіңдер?	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже: Қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Жолда жүру ережелерін біледі

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 11.10.2024ж

Тақырыбы: Көліктер.

Мақсаты: Көліктің шығу тарихымен таныстыру, балаларды әр түрлі көлік түрлерімен таныстыру.

Көрнекіліктер: ойыншық көліктер, көліктердің суреті.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Балалармен көліктердің суреттерін қарау, көліктерді бақылау.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар «Күлімдеу» ертеңгілік жылулық шеңберін өткізеді.	Шеңберге тұрып бір бінріне күлімсірей қарайды.
Ұйымдастыру-Іздестіру	Көліктер туралы әңгіме жүргізу. -Көліктің қандай түрлерін білесіңдер балалар? -Ал балалар көліктің суретін салайықшы бәріміз. Жарайсыңдар балалар. -Балалар, бүгін біз сендермен көліктер туралы сабақ өтеміз. Көлік қалай пайда болғаны туралы әңгімелеп беремін. Әлемдегі ең алғашқы автокөліктің тарихы Қозғалатын көліктің ең алғашқысы Кагнот деген адам ең алғашқы көлікті ойлап тапты. Франция деген мемлекетте .Ал жанармаймен жүретін алғашқы көлікті Бенц деген адам үш дөңгелекті, екі орындығы бар көлік ойлап тапты. Көлік, бұл өздігінен қозғалатын, жолаушыларды және түрлі заттарды тасымадау құралы болып табылады. «Көлік» ойынын ойнауды ұсынады («сиқырлы қапта» ойыншық жүк мәшине, жеңіл мәшине, кеме, автобус, трамвай, паровоз және т.б.) «Автомобиль» туралы әңгіме оқып беріледі. Автокөліктерді пайдалу ережелері (автобус, трамвай, т.б) автокөлікке отырғанда мұқият болу керектігі, экскаватор, кран сияқты көліктерді алыстан айналып өту керектігі және трамвай жолдары туралы әңгімелейді.	Балалармен сұрақтарға жауаптары: Жүк машиналар, жеңіл машиналар, тракторлар, пойыздар, камаз т.б көптеген түрлері бар. Балалар сурет салды. Балалар назары тәрбиешіде. «Сиқырлы қапта» көлік түрлерін шығарып, олардың аты мен түрін айтады (жер, су, әуе көліктері)
Рефлексивті-түзетушілік	Жақсы атқарған жұмыстары үшін балаларды мадақтайды.	Шеңберге тұрып өз әсерлерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көліктер түрлерінің аттарын.

Игереді: көліктер туралы түсінікті.

Меңгереді: автокөліктерді пайдалану ережелері.

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 18.10.2024ж

Тақырыбы: Жол, көлік және жаяу жүргінші.

Мақсаты: Жол, көлік және жаяу жүргінші туралы білімдерін бекіту. Олардың өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: көрнекіліктер, суреттер.

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтыққа тұра алатын балалармыз.	Шеңбер бойында балалар өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар жұмбақ жасырам: Арқаным бар тым ұзын, Ала-алмайсың бір үзім. (жол) Дұрыс, балалар жиек дол деген не? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Тактада бағдаршам белгілері: Қызыл-Тоқта! Сары-Сақтан! Жасыл-Ашық! Көшеде біз сақ болайық. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан оңға қарау керек. Жолда ойнауға болмайды. Көліктен айналып өту керек. Келе жатқан көліктің алдынан жолды кесіп жүгірме. Жол көліктің жүрегі. Машина көп. Жаяу жүргіншіге арналған жол жоқ болса, жол шетімен жүру керектігін есте сақтап алыңдар. Ал, балалар енді ойын ойнайық: «Жол белгілері» дидактикалық ойын.	Балалар назары педагогта. - адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол. - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге болмайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Қай көшеде, қай қалаға барсақ та жол жүру ережесі заңды тәртіп. -Жол ережелерін айтып беріндерші?	Балалар жол ережелері туралы айтып береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жол, көлік және жаяу жүргінші

Игереді: жолда жүру ережелерін

Меңгереді: жол белгілерін

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 8.11.2024ж

Тақырыбы: Мен жаяу жүргінші әрі жолаушымын.

Мақсаты: Велосипед, самокат, ролик тебу кезінде жолда жүру ережесін сақтау туралы білімін жетілдіру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: көрнекіліктер, велосипед, самокат, ролик суреттері.

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне жылы сөздер айту. - Сен әдепті бол! - Сен әдемі бол!	Шеңбер бойында балалар жылы сөздер айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Көктем, жаз шығысымен велосипед, самокат, ролик тебу науқаны басталады. Бірақ адамдар қарапайым ережелерді ескере бермейді, нәтижесінде түрлі апаттар орын алады. Велосипед және самокатпен жүру үшін шеңбер бойымен жіне тура жолмен қос дөңгелекті велосипедпен жүру. Оңға және солға бұрылыс жасау. Оң және сол аяқпен итеріп самокатпен жүру. Бұлар көлік түрлері болғандықтан жолда жүру ережесін сақтау керек. Көшенің қақ ортасында тебуге болмайды. Көшенің оң жағымен тебу. Сол жаққа бұрылу керек болса, жаяу жүргіншілер жолы арқылы өту керек. Онда көлікті жай ғана қолға алып жүру керек. Кешкі және түнгі уақытта тебуге болмайды. Тратуармен жүруге тыйм салынған. Жаяу жүргіншілерге жол беру тиіс.	Балалар назары суреттерде. Балалар назары педагогта.
Рефлексиялық-түзетушілік	Бұл көлік түрлерімен жолдың жиегімен, бұрыларда жаяу жүргіншілерге арналған жолақтар арқылы өту керек.	Балалар өзара жер сілкінісінің суреттерін әңгімелесуде

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Велосипед, самокат, ролик тебу керектігін

Игереді: жол ережесін сақтау

Меңгереді: қауіпсіздік шаралар

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 15.11.2024ж

Тақырыбы: көшеде және жолда.

Мақсаты: көшеде, жолда өзін ұстаудың қарапайым ережелері және тыйым салушы белгілер туралы білімін бекіту.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: суреттер.

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялы қ - қозғаушылық	Шаттық шеңбері Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)	Шаттық шеңбері.
Ұйымдас тырушылық -ізденістік	Көше ережелеріне тоқталайық. 1. Жүріп келе жатқан машинаның алдынан өтіп кетемін деуші болма, ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше күте тұр. 2. Көшеде келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр. Алдыңнан машина шықса, жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт. 3. Көше тәртібін орындамау көліктің жүріп тұруына кедергі келтіреді. 4. Көшеден өтерде әуелі сол жағыңа, көшенің орта тұсына жеткенде оң жағыңа қара. Егер машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орнында ақ жолақ сызылған тұста күте тұр. 5. Аялдамада тұрған автобустың артқы жағынан айналып өт. Сонда сен келе жатқан машинаны дер кезінде көресің. 6. Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе. Жер тайғақ болса, жолда абайла. Тыйым салу белгірін қайталап шығайық. Ойын: «Бағдаршам»	Балалар назары суреттерде. Балалар назары педагогта. Балалардың жауабы. Балалар ойын ойнайды.
Рефлексиялық -түзетушілік	Балалар жол ережелерін сақтаңдар!	Балалар өз ара әңгімелеседі

Күтілетін нәтиже

Біледі: көшеде, жолда өзін ұстау

Игереді: тыйым салушы белгілерін

Меңгереді: жолда жүрудің қарапайым ережелерін

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 22.11.2024ж

Тақырыбы: Жол белгілерінің қызметі, пайдасы

Мақсаты: Жаяу жүргіншілер мен жүргізушіге арналған ережелер туралы түсінік беру. Жол белгілерінің қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Билингвальды компонент: жол белгісі-дорожный знак

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қайырлы таң көк Аспан Қайырлы таң жер Ана Қайырлы таң апайлар Қайырлы таң балалар Сәлем,сәлем,сәлем	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жолаушылар дегеніміз кімдер? Бағдаршам дегеніміз не? Жиекжол жоқ жерде қалай жүру керек? Жол белгілерін көрсетіп, таныстыру. Ескерту белгі: Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам, Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған. Тыйым салу: Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын, Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым. Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін, Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағың? Анықтама: Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті. Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем, Сондықтан бәрі де мені тез танышты. Баратын сапардың қашығын, тұрағын, Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын. Төрт топтан құрылған белгілер туыстай, Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай. Жұмбақ жасыру Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. Ақылға салып ойланып, Тапшы мұны пысығым. (жол)	Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар мұқият тыңдайды. Өздері білетін жол беліглері туралы айтады Балалар жұмбақтың шешуін табады.
Рефлексиялық-	Қорытындылау -Жол белгілерінің қандай пайдасы бар? Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру	Балалардың жауаптары тыңдалады.

	мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже: Жол белгілері туралы біледі. Бағдаршамның қызметін біледі. Жол тәртібін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 29.11.2024ж

Тақырыбы: Бірнеше көлікке арналған жол.

Мақсаты: Жолдардың әр түрлі болатындығы (тар, кең, карама-қарсы бірнеше көлікке арналған жол) туралы білім беру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: суреттер

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Ұл - қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Біздер - қазақ баласы, Сәлем - сөздің анасы.	Шаттық шеңбер бойында қайталайды.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	- Балалартақтадан не көріптұрмыз? Жолдар -тегіс жолдар, кең жолдар, тар жолдар, ұзын жолдар, қысқа жолдар болады. Астанамыздың көшелері кең, үлкен қаламызда көліктер де көп. - Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Төбесінде шырағы, Жолаушының пырағы. Барасың деп қай жаққа, Алдын күтіп тұрды. Шахматтың тақтасы, Секілді онда таңба бар. Бұл қай көлік?(такси) - Бәрекелді! Біздің қалада көліктердің түрлері көп екен. Бүгінгі сабағымызда жолда жүру ережелерін, жаяу жүргіншілерге арналған белгілерді таңбаларын есімізге түсіріп алайық. Бағдаршам туралы тақпақ кім біледі? Менің атым «бағдаршам», Жақсы білем міндетімді, Мекен - жайым тұрақты. Мүдірмеймін ешқашан. «Бағдаршам» ойынын ойнату.	Балалар назары суреттерде. -көшелер, көліктер. Балалармен сұрақ-жауап.
Рефлексиялық-түзетушілік	Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз. Балалар, көшеде біз тар жолмен, яғни жиек жолмен жүреміз.	Балалар педагогпен қайталайды.

Күтілетін нәтиже

Біледі: жолдардың әр түрлі болатындығын

Игереді: әр түрлі жолдармен жүру ережелерін

Меңгереді: жол ережесін

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 6.12.2024ж

Тақырыбы: Қала көліктері.

Мақсаты: көше қозғалысы туралы білімін жетілдіру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: суреттер.

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Автобус, троллейбус, трамвай, метро, пойыз. - Бұл көліктерді қайдан көрдіңдер?	Шаттық шеңбер бойында . Қаладан
Ұйымдастырушылық -ізденістік	«Қала» мәтінінің мазмұны сұралады. -Қалада халық қалай шоғырланған? -Қаланың үйлері қандай? -Қала жылу мен суды қайдан алады? -Қалада нелер бар? - Адамдар қаланың бір шетінен екінші шетіне қалай қатынайды? -Қазақстанның ірі қалаларын ата. -Сен қай қалада тұрасың? - Сенің қалаңда балаларға арналған қандай орындар бар? - Балалар, сендер жаңа қаланың бір шетінен екінші шетіне көліктердің тұрақты қатынайтынын айттыңдар. Ол қандай көліктер? -Бүгін тез арада Алматыға жетуің керек, қалай жетесің? -Теңіздің арғы бетінде бір елге баруың керек, қалай жетесің? Қала көшесіндегі көліктердің қозғалысы, бағдаршам, жол белгілері. Түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Жолдан өте аласың ба?» Шарты: екі топқа бөлініп ауыл мен қала көшелерінен өтеміз. 1 топ ауыл көшелерінен өтсе, 2 топ қала көшелерінен яғни, бағдаршамға, жол белгілеріне қарап өтулері керек/одан кейін орындарына орналастырады/.	Балалар назары суреттерде. Балалар назары педагогта. автобус, троллейбус, жеңіл машиналар ұшақпен кемемен Балалардың жауабы.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қаладағы және ауылдағы көлік түрлерін салыстыру	Балалар өз ара әңгімелеседі

Күтілетін нәтиже

Біледі: қала көліктерінің түрлерін

Игереді: қала көліктерінің қозғалысын

Меңгереді:көше қозғалысын

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні,айы,жылы: 13.12.2024ж

Тақырыбы:Жолда жүру әліппесі.

Мақсаты:Бағыт беруші, сілтеуші белгілер туралы білімін жетілдіруді жалғастыру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: көрнекіліктер, белгінің суреттері

Сөздік жұмыс,қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық Қозғаушылық	Шаттық шеңбері Құрметті балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба осы тақырыпта ой бөлісеміз	Шаттық шеңбер бойында балалар білетін бірнеше жол белгілерін айтып шығады.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	- Ал, балалар бағдаршамның үш көзі туралы айтып беріңдерші? Балалар қараңдаршы мына белгі бізде бағыт беруші белгі. Көк түсті төртбұрыш баратын жерінің бағытын, тұрағын, үн – түнсіз жөн айтып, жол бағытын көрсетіп тұрады.Көк түске боялған төртбұрыш түнде де жанып тұрады. Сілтеуші белгі мынау суретте көріп тұрсындар бқл да бізге жол сілтеп тұрады. Адамдар көлікпен немесе жаяу жүріп келе жатқанда дұрыс бағыттар сілтеп, көрсетіп тұрады. Ендеше балалар біз сендермен ойын ойнайық. Ойын: Таныс жолда жүру ережесін көсет, таныстыр. Жолда жүру ережесін кім көп айтады?	Балалар назары суреттерде. -Бір көзім «кідір» дейді. -Бір көзім «жүгір» дейді -Бір көзім «абайла» дейді. Балалар назары педагогта. Балалардың жауабы.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар, бүгінгі сабақты қорыта келе,әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік. Деніміз сау, жол тәртібін сақтап, аман-есен жүрейік.	Балалар бір-біріне жұмбақтар жасырып ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Бағыт беруші, сілтеуші белгілер туралы

Игереді: белгілердің өз мақсатында қолданатынын

Меңгереді:жолда жүру ережесін.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы.

Күні, айы, жылы: 20.12.2024ж

Тақырыбы: Жол белгілері біздің досымыз.

Мақсаты: Алғашқы медициналық көмек көрсету пункті, аурухана, тамақтан орын, телефон соғу орны, суға шомылатын орынды білдіретін белгілер туралы білімін бекіту. «МАИ посты», «Ауызсу», «Демалыс орыны» сияқты белгілермен таныстыру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: көрнекіліктер, белгілердің суреттері.

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар мен сендерге жақсы тілек тілеп, өз жылуымды беріп, «Ашық аспан» тілеймін, ал сендерде бір-біріңе өз жылуларыңды тілеңдер.	Шеңбер бойында балалар жылы сөздер айтады.
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Балалар біздің бүгінгі сабағымыз жол белгілері туралы болады. Қанеки, сендер қандай жол белгілерін атап бере аласыңдар? Балалар алдымызда сервис белгілері тұр. Бұл белгілер тиісті орындардың орналасуы туралы хабардар етеді. - Алғашқы медициналық көмек; көрсету пунктісі; - Аурухана; - Тамақтан орын; - Телефон соғу орны; - Суға шомылатын орын; -«МАИ посты»; -«Ауызсу»; -«Демалыс орыны»; Балалар осы жол белгілерін естеріне жақсылап сақтап алыңдар. Ал енді балалар мына тақпақты қайталайықшы: Ата-ананың сенімін, еске ұстап ақтай біл. Жолда өтер жаяудың ережесін сақтай біл.	Балалар назары педагогта. Балалардың жауаптары.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгінгі сабақтағы белгілерді түсіндіріп бердім. Жолда абайлап жүрейік	Балалар суреттер қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жол белгілерін

Игереді: сервис белгілерін

Меңгереді: жол ережесін сақтау
Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 27.12.2024ж

Тақырыбы: Тыйым салушы белгілер.

Мақсаты: Тыйым салушы «Жүруге болмайды» «Қауіпті жер» белгілері туралы білімін жетілдіру.
Белгілерді ажратып атай білуге үйрету.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері, белгілер..

Сөздік жұмыс, қос тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбер: Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң, Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	Балалар шеңбер құрып, педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, бүгін біз «Тыйым салушы белгілер» туралы әңгімелесеміз. Балалар менің қолымда қызыл жолақпен көмкерілген сары түске боялған қалқаны бар сурет бар. Ал енді мен сендерге такпақ айтып беремін: Қызыл боялған шеңберім аумақты, Тыймшыл белгімін, қаталмын салмақты. Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге. Қауіп бар, бағдарла көз салып жан-жақты. Дөп-дөңгелек қызыл шеңбер, мен көрінсем «Тоқта қане» деп жар салар тыйм салу белгісі. Көрдіндер ме балалар, белгілерді біліп жүру керек екен. Сонда сендерге қауіп төнбей, сақтанып жүресіндер. Ойын: «Қызыл», «жасыл», «сары»	Балалар назары педагогта. Балалар сұрақтарға жауап береді Балалар ойын ойнайды. .
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар, бүгін біз тыйым салушы белгілермен таныстық. Тағы бір рет қайталап шығайық.	Балалар тыйм салушы белгілерді қарап шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыйм салушы белгілер туралы

Игереді: жолда абайлап жүруді

Меңгереді: «Жүруге болмайды», «Қауіпті жер» белгілерін.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 10.01.2025ж

Тақырыбы: Тыйым салушы белгілер.

Мақсаты: Тыйым салушы «Солға бұрылуға болмайды», «Бұрылуға болмайды», «Токтауға болмайды» белгілері туралы білімін жетілдіру. Белгілерді ажыратып, атай білу.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: Жол белгілерінің көрнекіліктері.

Сөздік жұмыс, қос тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Жолда жүру әліппесін, Білген жөн бес саусақтай, Сонда ғана жүре аласын. Сен өзінді аман сақтап.	Балалар педагогпен өлең жолдарын қайталайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар, біз бүгін жаңа белгілермен танысамыз. Тыйым салу белгілердің ішінде «Солға бұрылуға болмайды» деген белгі бар. Міне ол белгі мына суретте бейнеленген. Пішіні дөңгелек, іші ақ түсті, сурет түсі қара солға қаратып салынған бағдар тұр ортасында, үстінен қызыл жолақ көрсетілген. «Бұрылуға болмайды» деген белгіде дәл жанағы белгімізге ұқсас қараңдаршы. «Токтауға болмайды» деген белгіде көріп тұрғандай пішіні дөңгелек, іші көк түсті, сурет түсі қызыл, жиегі қызыл. Міне, балалар осы белгілерді есімізге жақсылап сақтап алайық. Барлығымыз жолда абайлап, жүрейік балалар. Белгілерге қарап жүріңдер балалар. Ойын: «Бағдаршам»	Балалар назары педагогта. Балалар сұрақтарға жауап береді Балалар ойын ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Жарайсыңдар балалар, сендер жол белгілерін жақсы ажыратып естеріне сақтап алдыңдар.	Балалар өтілген белгілерді қарап шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыйым салу белгілерін.

Игереді: жолда белгілерге қарап жүруді.

Меңгереді: жол белгілерін қарап жүруді.

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы.

Күні, айы, жылы: 17.01.2025ж

Тақырыбы: Жол реттеуші.

Мақсаты: Жол реттеушінің қызметі туралы білім беру. Жол реттеушінің сигналы туралы
әңгімелесу.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: суреттер, слайдтар

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Жұмбақ жасыру. Жұмбақ жасыру. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Ысқырықпен түзеткен. Өміріңді күзеткен (Милиционер)	Шаттық шеңбер бойында қайталайды
Ұйымдастыруш ылық -ізденістік	Реттеуші деген кім? Реттеуші алғаш үлкен қалаларда пайда болған, яғни оның негізгі міндетті көшедегі қозғалысты реттеу. Оны реттеу үшін ол жезл деген құралды пайдаланды. Көпшілік оны «ала таяқ» деп те атайды. Үлкен қалаларда не көп, бағдаршамдар көп. Олардың көпшілігі көнеріп, істен шығып қалып жатады. Тіпті кейде көлік қозғалысы шамадан тыс көбейіп кетуі де әбден мүмкін. Ондайда жүріс - тұрысты реттеу үшін бағдаршамдар орнына реттеуші тұрады. Ол ала таяқшаның көмегімен қозғалысты қалыпқа келтіреді. Егер реттеуші түн мезгілінде тұрса, жүргізуші көретіндей яғни таяқшаның ішінде жанып тұратын белгі болады. Егер реттеуші таяғын жоғары қарай көтерсе, бұл дайындалу керектігін ескертеді. Мұндай жағдайда жүруге болмайды. Реттеуші бізге қарай қарап тұрса немесе арқа жағын беріп тұрса жүруге тыйым салынады. Реттеуші бүйірімен бұрылып тұрса онда жүруге болады деген сөз, жүруге рұқсат берілген жағдайда реттеушінің екі иығы да саған көрініп тұрады. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттеуші де тұрса, онда реттеушінің қимылын басшылыққа алу керек. Дидактикалық ойын: Адасып қалған белгілер.	Балалар назары слайдта Балалармен сұрақ-жауап. Балалар назары педагогта.
Рефлексиялық- түзетушілік	Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбандар, жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Жол тәртібін білейік, есен - аман жүрейік!	Балалар өзара әңгімелесу.

Біледі: Жол реттеуші. Игереді: Жол реттеушінің сигналы

Меңгереді: Жол тәртібін

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 24.01.2025ж

Тақырыбы: Жүргізуші сақ бол!

Мақсаты: Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: белгілер, среттер

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық Қозғаушылық	Шаттық шеңбері Көліктің қаншасын үстінен өткізген , Іргеден басталып , алысқа жеткізген. (Жол)	Балалар жұмбақ шешімін табады
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен , көрейік . Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Жиек жол деген не ? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды ? Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз ? Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз, бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік. Балалар: қалай өтетінін көрсетеді. Сақтандыру , ескерту белгісі : Қып – қызыл үшбұрыш, Қауіптен сақ бол деп сәт – сапар жолдайды Тыйым салу белгісі : Қызылмен боялған , шеңбермін аумақты, Қауіп бар , бағдарла көз салып жан – жақты. Міндеттеу белгісі : Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты, Міндетті бұрылыс , әйтпесе қауіпті. Нұсқау белгісі : Баратын жеріне жол нұсқап тұрады. Көк түске боялған төрт бұрыш.	Балалар назары суреттерде. Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде , оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше , сол орында күте тұрамыз.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрелік.	Балалар назары педагогта.

Күтілетін нәтиже

Біледі: жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы

Игереді: көшеде жүргенде көшеде жүру ережесі
Меңгереді: көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру
Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 31.01.2025ж

Тақырыбы: Жүргізуші сақ бол!

Мақсаты: Жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы білімін жетілдіру. Көшеде жүргенде көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру туралы білімін бекіту.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: белгілер, среттер

Сөздік жұмыс, қол тілдік:

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық Қозғаушылық	Шаттық шеңбері Көліктің қаншасын үстінен өткізген , Іргеден басталып , алысқа жеткізген. (Жол)	Балалар жұмбақ шешімін табады
Ұйымдастырушылық -ізденістік	Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіндер ме екен , көрейік . Мынадай сұрақтарға жауап беріндерші. Жиек жол деген не ? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды ? Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз ? Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз, бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік. Балалар:қалай өтетінін көрсетеді. Сақтандыру , ескерту белгісі : Қып – қызыл үшбұрыш, Қауіптен сақ бол деп сәт – сапар жолдайды Тыйым салу белгісі : Қызылмен боялған , шеңбермін аумақты, Қауіп бар , бағдарла көз салып жан – жақты. Міндеттеу белгісі : Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты, Міндетті бұрылыс , әйтпесе қауіпті. Нұсқау белгісі : Баратын жеріне жол нұсқап тұрады. Көк түске боялған төрт бұрыш.	Балалар назары суреттерде. Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде , оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше , сол орында күте тұрамыз.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрелік.	Балалар назары педагогта.

Күтілетін нәтиже

Біледі: жүргізуші үшін жолдағы қауіпті жерлерді ескертетін жол белгілері туралы

Игереді: көшеде жүргенде көшеде жүру ережесі

Меңгереді: көшеде жүру мінез-құлық ережелерін ескеру

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 07.02.2025ж

Тақырыбы: Жол қиылысындағы белгі.

Мақсаты: Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілер туралы білімін жетілдіру. Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерімен (елдімекеннің басталуы, аяқталуы) таныстыру.

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері . Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз.	Шаттық шеңбер бойында қайталайды
Ұйымдастыруш ылық -ізденістік	Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды. Көшенің қиылысына келгенде, екі жағына назар аудар, жасыл жарықтың жануын күт. Көшенің арғы бетіне жүгіріп өтуге болмайды. Көшенің арғы бетіне жолдың қақ ортасынан өтпе. Көше қиылысында тоқтау сызығы болады. Осы жерде тұрып бағдаршам белгісінің жануын күт. Ойын жүргізушісі алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, сендердің қаншалықты жинақы екенін байқайым. Ойын шарты 1) Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар жүрген сияқты бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді. 2) Сары көзін көрсеткенде ду қол шапалақтайды. 3) Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады. Жаяу адамға көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады.	Балалар назары суреттерде Балалармен сұрақ- жауап. Балалар назары педагогта.
Рефлексиялық- түзетушілік	Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзбаңдар!	Балалар өзара әңгімелесу.

Біледі: Жол қиылысындағы белгіні

Игереді: Жол қиылысындағы жаяу жүргіншінің қозғалысын реттейтін белгілерді

Меңгереді: Қала сыртындағы ақпараттық сілтеуіш белгілерді

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 21.02.2025ж

Тақырыбы: Бағыт беруші

Мақсаты: Қала және ауыл көшелерінде қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Көшеде көліктер қозғалысын реттеуші туралы түсініктерін нақтылау. Жол белгілері туралы білімдерін бекіту.

Көрнекіліктер: Не? Қайда? Қашан? сұрақ-жауап ойыны.

Билингвальды компонент: қала-город, ауыл-село, көлік-автомобиль

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекет
Мотивация лық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау - саламат жүреміз.	Шаттық шеңбер бойында қайталайды
Ұйымдастыруш ылық -ізденістік	Кіріспе әңгіме Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні , жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны , қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Қандай бала жол ережесін бұзбайды ? Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз . Оның сырын біліп , тіліп алу баршамызға керек. Неге ? Біздің қаламызда , сол сияқты біздің еліміздің қала , ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да , үлкендер де , яғни барлық жүргізушілер , көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен , көрейік . Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Не? Қайда? Қашан? сұрақ-жауап ойыны. Жиек жол деген не ? Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды ? Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз ?	Балалардың жауаптары Балалар өз ойларын айтады. Үлгілі , тәртіпті Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден

	Үлкен қалаларда не көп, бағдаршамдар көп. Олардың көпшілігі көнеріп, істен шығып қалып жатады. Тіпті кейде көлік қозғалысы шамадан тыс көбейіп кетуі де әбден мүмкін. Ондайда жүріс - тұрысты реттеу үшін бағдаршамдар орнына реттеуші тұрады. Ол ала таяқшаның көмегімен қозғалысты қалыпқа келтіреді. Егер реттеуші түн мезгілінде тұрса, жүргізуші көретіндей яғни таяқшаның ішінде жанып тұратын белгі болады. Егер реттеуші таяғын жоғары қарай көтерсе, бұл дайындалу керектігін ескертеді. Мұндай жағдайда жүруге болмайды. Реттеуші бізге қарай қарап тұрса немесе арқа жағын беріп тұрса жүруге тыйым салынады. Реттеуші бүйірімен бұрылып тұрса онда жүруге болады деген сөз, жүруге рұқсат берілген жағдайда реттеушінің екі иығы да саған көрініп тұрады. Егер бағдаршам жұмыс істеп тұрса, реттеуші де тұрса, онда реттеушінің қимылын басшылыққа алу керек. Жол белгілері жеті топқа бөлінеді.	өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде , оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса , өтіп кеткенше , сол орында күте тұрамыз.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да, Жол жүру ережесі заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен кіші баршамызға. Басталар әр қадамың аттауменен, Жол жүру ережесін сақтауменен.	Балалардың өлең жолдарын айтады.

Күтілетін нәтиже: Көшелерді қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Жол белгілері туралы біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 28.02.2025ж

Тақырыбы: Жол белгілері

Мақсаты: Сілтеуші және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне қарап және жол бойында тұрған белгілерді танып айтып беру дағдыларын жетілдіру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Билингвальды компонент: жол белгілері-дорожные знаки

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз. Жалғайтын достастырып бар елменен, Жолдардан тұрады ғой әлем деген. Бүгінгі бізге келген қонақтарға, Алдымен беріледі сәлем деген.	Шаттық шеңбер бойында қайталайды
Ұйымдастыруш ылық -ізденістік	Жол тәртібі кімге керек – бірге ойланып көрелік, Өрқайсыңның қылығыңа әділ баға берелік. Ережені жақсы білген ортаға шық, жас ұлан, Біліміңді сарапқа сал, біз етейік төрелік. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға. Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба. Ескерту белгі: Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам, Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған. Тыйым салу: Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын, Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым. Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін, Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағың? Анықтама: Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті. Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем,	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Жол белгілерін таниды. Жол белгілері туралы өз белетіндерін айтады. Өлең жолдарын қайталайды.

	Сондықтан бәрі де мені тез таныпты. Баратын сапардың қашығын, тұрағын, Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын. Төрт топтан құрылған белгілер туыстай, Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай. Жұмбақ жасыру Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. Ақылға салып ойланып, Тапшы мұны пысығым. (жол) 2-жұмбақ: Бір тұлпар, су ішпейді, жем жемейді, Ескеріп ешбір адам емдемейді. Жүк емес жануарға жүз адам да, Шылбырын сымға байлап тез жөндейді. (трамвай) 3-жұмбақ: Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақта, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам) "Адасып қалған белгілер" дидактикалық ойыны	Жұмбақтардың шешуін табады. Ойынға қызығушылық танытады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қорытындылау Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да, Жол жүру ережесі заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен кіші баршамызға. Басталар әр қадамың аттауменен, Жол жүру ережесін сақтауменен.	Кез-келген көлік түрін пайдаланатын адамдар. Бағдаршам автомат жүйесіне қосылған үш көзді аспап. Жол қозғалысын реттейді. жол бойына 14 жасқа толған балаларға ғана рұқсат. Ауылдық жерлерде жиекжол болмау мүмкін, ондай жағдайда жолдың бір шетімен келе жатқан көлікке қарама-қарсы бағытта жүрген жөн

Күтілетін нәтиже: Жол белгілерін таниды. Олардың қызметін біледі. Жол тәртібін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы.**

Керекті құралдар мен көрнекіліктер: суреттер

Күтілетін нәтиже

Біледі: Қоғамдық көлікте тәртіпті
Игереді: Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтауды
Меңгереді: Жол ережелерін сақтауды
Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 14.03.2025ж

Тақырыбы: Жол белгілері әлемінде

Мақсаты: Жол белгілері туралы алған білімдерін пысықтау. Жол белгілерін айыра білу дағыдысын қалыптастыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол макеті, жол белгілері, бағдаршам, алдын ала әзірлеген киімдер, ойыншық машиналар.

Билингвальды компонент: жол белгілері-дорожные знаки

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер болып тұрып, қимылмен: -Армысыз, қайырлы күн! -Армысыз, қайырымды Аспан-ата! -Армысыз, мейірімді Жер-ана! -Армысыз, шұғылалы Алтын-күн! -Балалар, бүгінгі күнімізге сәттілік тілейік. Осы кезде есік қағылып, хат келеді.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар бізге хат келіпті. Қане, оқиық. «Біз жол белгілері елінің тұрғындарымыз. Біздің жол белгілерін мыстан кемпір сиқырлап кетті. Енді біздің елімізде жол апаттары болып жатыр. Бізге көмектесіңдер! Сәлеммен жол белгілері елінің тұрғындары.» Көрдiңдер ме, жол белгiлерсiз, бағдаршамсыз жолда жүру ережелерiн есiмiзге түсiрейiк. -Олай болса, бiз автобуспен «Жол белгiлерi елiне саяхатқа барамыз. Балалар, көлiкте, автобуста жүру ережелерiн еске түсiрейiк. -Мынау не балалар. Ол бағдаршам. Оның қызметi қандай? Автобуска мiнiп, сапарға аттанады. Автобустан түскенде абайлап түсудi ескертедi. -Мынау қандай белгi? -Мен жол белгiсiмiн. Менi мыстан сиқырлап тастады. Жұмбақты шешкенде ғана менiңсиқырым кетедi (қолындағы қағазды ұсынады). -Ілулі тұрған бұл қандай белгі? Машинаға «Токта» деген белгі берді. Жол үстiнде ақ-қарамен сызылған жолақтар. Жаяуларға «Өтiңдер» деп белгi бердi. -Мынау қандай жер? Бәрi бiр нәрсе күтiп тұрғандай? -Мынау не? Жол астында iн бар ма? -Ал мынау ше, неге велосипедтiң суретi берiлген? -Жолдағы белгiсi, темiр жолдың белгiсi. -Ауырып қалсаң егер жолда, қандай белгiнi iздейсiң? -Шұқырлар бар жерлерде, жүйiткiген жол үстiнде қандай белгi тұрады? Жол белгiсi: -Рақмет балалар, сиқырымызды шештiңдер. -Жол белгiлерi, бiр-бiрiмен араласып кетiптi, кане реттеп жiберейiк.	Көмектесеміз Автобуска, трамвайға артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу керек. Жасы үлкендер мен кішкентай бөпелі адамдарға орын беру керек. Автобуста айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды. Ашық есіктен, терезеден басты шығарып, қолды созуға балмайды, олай істеу қауіпті. Жаяулар өтпесі Аялдама Жол асты өтпесі Велосипед жолы Шлагбаумсыз темір жол белгісі Емхана Жаяулар жүруге болмайды

Рефлексиялық - түзету	Қорытындылау. -Жаяу жүріп келе жатқан адам кім болады? - -Көліктер жүретін жолдан жүргіншілер өтуге арналған белгі. -Автобустар тоқтайтын жер? -Пышақ пен шанышқының суреті бар белгі? Біздің қаланың көшелері тақырыбында сурет салу.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар өз беттерінше сурет салады.
--------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже: Жол белгілерін айыра біледі. Жол жүру тәртібін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 04.04.2025ж

Тақырыбы: Жол көмекшілері

Мақсаты: Жол көмекшісі бағдаршам туралы білімдерін кеңейті. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер **Билингвальды компонент:** бағдаршам-светофор

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Балалар шеңбер болып тұрып, қимылмен: -Армысыз, қайырлы күн! -Армысыз, қайырымды Аспан-ата! -Армысыз, мейірімді Жер-ана! -Армысыз, шұғылалы Алтын-күн! -Балалар, бүгінгі күнімізге сәттілік тілейік. Осы кезде есік қағылып, хат келеді.	Балалар өлең жолдарын айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Әңгімелесу - Көшенің көлік жүретін бөлігінде ешқашан ойнамаңдар. - Жүріп келе жатқан көлікте әрқашан ұстағыштардан ұстап тұрыңдар. - Жеңіл көлікте артқы орындыққа отырыңдар, қауіпсіздік белдігін пайдаланыңдар және есік жабық екеніне көздеріңді жеткізіндер. - Велосипед, роликті коньки, скейтборд тепкенде аса ұқыпты және сақ болыңдар. - Көшеде бағдаршамның тек жасыл түсі жанғанда ғана өтіңдер. - Көшеден өтерде алдымен солға қара, ал бөлгіш сызығынан кейін оңға қараңдар. - Егер жолдан өтуге үлгермесең, бөлгіш сызығында тоқта да, бағдаршамның жасыл түсі жануын күт. - Жүріп келе жатқан көлік алдынан жүгіріп өтпе. - Егер жаяу жүргіншіге арналған жол болмаса, жол шетімен көлік қозғалысына қарсы жүр. Бағдаршам – өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек. Оның беретін сиқырлы әмір сөздері бар. Менің үш көзім бар. Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді. Бір көзім «абайла» дейді, Қарап қалма маңайға дейді. Иә, қай ақыл өлшеміне салсаңыз да, Жолда жүру ережесі - заңды тәртіп. Ол ортақ үлкен-кіші, баршамызға! Сергіту сәті Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық.	Балалар тәрбиешіні тыңдайды. Жол бойында жүру тәртібі жайлы әңгімелейді. Бағдаршамның қызметі жайлы айтады. Балалар өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталайды. Қимылдар жасайды.
Рефлексиялық - түзету	Қорытындылау. -Жаяу жүріп келе жатқан адам кім болады? - -Көліктер жүретін жолдан жүргіншілер өтуге арналған белгі. -Автобустар тоқтайтын жер? -Пышақ пен шанышқының суреті бар белгі? Біздің қаланың көшелері тақырыбында сурет салу.	Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар өз беттерінше сурет салады.

Күтілетін нәтиже: Жол тәртібін сақтай біледі. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 11.04.2025ж

Тақырыбы: Көлік ішінде

Мақсаты: Көлікте әр адамның ешкімге кедергі жасамай, тәртіп сақтауы тиіс екендігін түсіндіру. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: көлік-транспорт

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ойын «Көлік түрлері» Ал енді балалар мына ойыншықтарға қараңдаршы? - Мынау қандай ойыншық? (машина) - Машина қайда жүреді? (жолда, көшеде) - Ол қандай дыбыс шығарады? - Ал, мынау қандай ойыншық? (кеме) - Кеме қайда жүреді? (суда) - Қанеки, қолымызбен көрсетейікші. - Су толқынымен былай-былай жүзеді екен. - Ал, мынау қандай ойыншық? (ұшақ) - Ұшақ қайда жүреді? (ауада, ауада ұшады) - Екі қанаты аяғы бар екен. - Ол қалай ұшады, қалай дыбыстайды? - Төменнен жоғары қарай (ву-ву-ву) - Ал, мынау қандай ойыншық? (пойыз) - Пойыз қайда жүреді? (теміржолда) - Ол қандай дыбыс шығарады? - Бум-бум, бум-бум, шик-шик, шик-шик. - Қолмен бәріміз көрсетейік.	Балалар ойынға белсене қатысады. Сұрақтарға жауап беріп, қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жұмбақ жасыру Жапанда бір жолаушы аузын ашып, Аяғын келе жатыр жылдам басып, Жарқырап маңдайында екі көзі, Ілезде жеткізеді жерге қашық. (автомобиль) -Сендерге қандай көлік түрлері ұнайды? -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? (суреттермен жұмыс.) -Троллейбусқа кім мініп көрді? (суретімен таныстыра кету керек) -Троллейбустың автобустан қандай айырмашылығы бар екен? - Сым жолмен қалай жүреді? -Көлікте жүру тәртібін білесіңдер ме? -Көлікте тәртіпті отыру керек, терезеден қолыңды, басыңды шығаруға болмайды. Көлік жүргізушісіне кедергі келтірмеу керек. Көлікте айқайлап сөйлеп, шулауға болмайды. «Жер, су, әуе» ойыны. "Жер" дегенде-автомобиль сияқты жүреді. "Су" дегенде-кеме болып жүзеді. "Әуе" дегенде - ұшақ болып ұшады.	Балалар жұмбақтың шешуін табады. Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар ойынға белсене қатысады. Қимылдар жасайды.
Рефлексиялық-түзету	Қорытындылау -Көліктің маңызы қандай? -Көліктің зияндығын ата -Жол жүру ережесін не үшін сақтау керек?	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:Көлік түрлерін, олардың қызметін біледі. Көлікте қауіпсіздік ережесін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Билингвальды компонент: көлік-транспорт

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 25.04.2025ж

Тақырыбы: Аялдамада

Мақсаты: Аялдама және жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігі туралы түсінік беру. Аялдама туралы мағлұмат беру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер.**Билингвальды компонент:** аялдама-остановка

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да Жолда жүру ережесі-заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға.	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-іденістік	-Балалар біздің автобусымыз тоқтап, адамдар мініп- түсетін жерге келдік бұл қай жер екен? Бір ғажабы бұл жерде Бір нәрсені ел күтеді. Біреуі отырады Біреуі тұрады. Токта, демал, аялда. Күтеді әлі жол алда. Жол бойында тұрады аялдама Жолаушыңды отырғыз аялда да. Жүргізушіден жолаушы өтінеді, Токтарсың деп аялдауға таялғанда. Аялдама - көлік құралының қозғалысын 5 минутқа дейін, сондай-ақ бұл жолаушыларды мінгізу немесе түсіру, не көлік құралына тиеу немесе түсіру үшін, қажет болса онда да көбірек уақытқа мақсатты тоқтайтын жер. Аялдама - 1. қысқа уақытқа жол қозғалысының тоқтауы; 2. көпшілік пайдаланатын көліктен жолаушыларды түсіретін орын, негізінен жолаушылар демалатын құралдармен жабдықталған, маршруты туралы хабарлайтын кесте ілінеді	-Аялдама Ол аялдама Балалар өлеңді қайталап айтады. Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
Рефлексиялық- түзету	Қорытындылау. Жұмбақтар шешу: 1.Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өмірінді күзеткен, Ысқырығы түзеткен. (жол сақшысы) 2.Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды. (Автобус) 3.Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам) 4.Төрт аяғы дөңгелек, Адамсыз ол жүрмейді (машина)	Балалар жұмбақтардың шешуін табады.

Күтілетін нәтиже: Аялдама автобус күтетін жер екенін біледі. Жолда жүру тәртібін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

**Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің
Технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы: 2.05.2025ж

Тақырыбы: Жолда ойнама

Мақсаты: Балаларды ойын кезінде болатын түрлі қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру.
Қауіпсіздік ескеруге, қауіпті жағдайлардың алдын-алуға, жағдайдан шыға білуге үйрету.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: аула-двор, ойын-игра

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Кіріспе әңгіме - кешке дейін аулада ойнамау; - көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу; - мастардан, күдікті адамдардан аулақ болу; - бейтаныс адамның машинасына отырмау; - бейтаныс балалармен немесе мектепалдымен басқа подъезге, подвалға, басқа да орындарға серуендеуге келіспеу; - аулада от жақпау – бұдан өрт шығуы мүмкін; - аулада, үйінде қымбат заттардың көп екендігін айтып мақтанбау; Аулаға қыдыруға шықпас бұрын ата-анаңа қайда және кіммен болатыныңды айт. Иттер мен мысықтарды ызаландырма, олар қорқытуы, тістеуі немесе тырнап алуы мүмкін. Қараңғы түскеннен кейін көшеде жүрме. Ойын: Қауіпті жер Суретке қарап қауіпті жерлерді табу	Балалардың жауаптары Жер төле қауіпті. Құрылыс жүріп жатқан жер қауіпті. Көлік жүретін жолда қауіпті. Биік баспалдақтар. Үйдің шатыры. Лифтіде жалғыз жүру қауіпті.
Рефлексиялық-түзету	Қорытындылау. -Балалар аулада ойнағанда абай болайық. қауіпсіздік ережесін сақтап, сақ жүрейік. Қай көше, қалаға барсаңыз да Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі Заңды тәртіп, л ортақ! Үлкен-кіші баршамызға.	Балалар өз ойларын айтады. Балалар өлең жолдарын айтады.

Күтілетін нәтиже: Балалар жол жүру ережесін біледі. Жол бойында ойнамайды
Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 16.05.2025ж

Тақырыбы: Қауіпсіз жол

Мақсаты: Сурет қарау арқылы бала өміріне қауіпсіз жолмен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: жол-дорога

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт. Арманға сапар тарту мүмкін емес Жол жүру ережесін білмей тұрып.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Кіріспе әңгіме Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген балалар жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Сергіту сәті Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Суретпен жұмыс Адам таситын көлік түрлері туралы суреттер қарау	Балалардың жауаптары Балалар өз ойларын айтады. Қимылдар жасайды Суретке қарап әңгімелейді.
Рефлексиялық- түзету	Қорытындылау Жолда жүріп үйрендік, Жамандықтан жирендік, Енді қорықпай жүреміз. Сары жанса күтеміз, Тоқтауды да білеміз, Қызыл жанса тоқтаймыз, Машинадан қорықпаймыз, Жасыл жанса жүреміз, Біз бәрінде білеміз.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже: Жол тәртібін сақтайды. Жолда ұқыпты жүреді.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 23.05.2025ж

Тақырыбы: Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....

Мақсаты: Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Билингвальды компонент: жол белгілері-дорожные знаки

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Шуакты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт. Арманға сапар тарту мүмкін емес Жол жүру ережесін білмей тұрып.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Жиек жол деген не ? - Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . -Жаяуға қай жермен жүруге болмайды ? - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді -Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? - Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса, көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. -Ал жиекжолда қалай жүру керек? - Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды. - Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? - Төрт - бес адам қатар жүруге болмайды. -Көшеде доп ойнауға бола ма ? -Тағы да домалап келе жатса алдында велосипед тұр екен -Ол қарсы беттегі аялдамаға өту керек, қай жермен өтеді? - Жолдан өтерде нені еске сақтауымыз керек? -Ақишұқырға келу үшін қандай көлікке мінеміз? -Автобусқа мінерде нені еске түсіру керек? Сергіту сәті. Қызыл- тұрамыз Сары- шапалақ Жасыл- жүреміз Әрқашан күн сөнбесін Аспаннан бұлт төнбесін Қасымда болсын анам Болайын мен де аман.	Балалардың жауаптары Балалар өз ойларын айтады. Көшеде доп ойнауға, жолға жақын ойнауға да болмайды. - 14 жасқа дейін көшеде велосипедпен жүруге болмайды. Ала жолақ сызық арқылы өтеді. Жолдан өтерде ортасына дейін сол жаққа, сосын оң жаққа қараймыз. «Жаяулар өтпесі» деген белгі бар жерден өту керек. Автобус тоқтағанда алдынан шықпаймыз. Ыңғайлы орын тауып тұруымыз керек. Автобуста кітап оқуға болмайды. Түскесін автобустың артынан айналып өту керек. Қимылдар жасайды.

Рефлексиялық- түзету	Қорытындылау Жолда жүріп үйрендік, Жамандықтан жирендік, Енді қорықпай жүреміз. Сары жанса күтеміз, Толтауды да білеміз, Қызыл жанса тоқтаймыз, Машинадан қорықпаймыз, Жасыл жанса жүреміз, Біз бәрінде білеміз.	Балалардың жауаптары
------------------------------------	---	-----------------------------

Күтілетін нәтиже: Жолда жүру ережесін сақтайды. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н

Мектепалды «Балапан» сыныбы

Вариативтік компонент. «Жол ережесін сақтау» ұйымдастырылған оқу қызметінің Технологиялық картасы

Күні, айы, жылы: 31.05.2025ж

Тақырыбы: Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса....

Мақсаты: Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Билингвальды компонент: жол белгілері-дорожные знаки

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт. Арманға сапар тарту мүмкін емес Жол жүру ережесін білмей тұрып.	Балалар өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастырушылық- ізденістік	-Жиек жол деген не ? - Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол . -Жаяуға қай жермен жүруге болмайды ? - Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді -Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз? - Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса, көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орында күте тұрамыз. -Ал жиекжолда қалай жүру керек? - Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды. - Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? - Төрт - бес адам қатар жүруге болмайды. -Көшеде доп ойнауға бола ма ? -Тағы да домалап келе жатса алдында велосипед тұр екен -Ол қарсы беттегі аялдамаға өту керек, қай жермен өтеді? - Жолдан өтерде нені еске сақтауымыз керек? -Ақиқұырға келу үшін қандай көлікке мінеміз? -Автобусқа мінерде нені еске түсіру керек? Сергіту сәті. Қызыл- тұрамыз Сары- шапалақ Жасыл- жүреміз Әрқашан күн сөнбесін Аспаннан бұлт төнбесін Қасымда болсын анам Болайын мен де аман.	Балалардың жауаптары Балалар өз ойларын айтады. Көшеде доп ойнауға, жолға жақын ойнауға да болмайды. - 14 жасқа дейін көшеде велосипедпен жүруге болмайды. Ала жолақ сызық арқылы өтеді. Жолдан өтерде ортасына дейін сол жаққа, сосын оң жаққа қараймыз. «Жаяулар өтпесі» деген белгі бар жерден өту керек. Автобус тоқтағанда алдынан шықпаймыз. Ыңғайлы орын тауып тұруымыз керек. Автобуста кітап оқуға болмайды. Түскесін автобустың артынан айналып өту керек. Қимылдар жасайды.

Рефлексиялық- түзету	Қорытындылау Жолда жүріп үйрендік, Жамандықтан жирендік, Енді қорықпай жүреміз. Сары жанса күтеміз, Толтауды да білеміз, Қызыл жанса тоқтаймыз, Машинадан қорықпаймыз, Жасыл жанса жүреміз, Біз бәрінде білеміз.	Балалардың жауаптары
------------------------------------	---	-----------------------------

Күтілетін нәтиже: Жолда жүру ережесін сақтайды. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: Жаукимова Н